



Газет 1948 ж.  
20 сәуірінен  
шыға бастады

# Қазақ университеті

№ 8 (1263)  
қараша,  
1997 жыл



## Өркендеуіміз бен өсуіміздің сара жолы

Ұлы бабамыз әл-Фараби атындағы университет ұжымына қонақ қабылдау, мейман күту - пәлендей таңсық шаруа емес.

Тәуелсіздік тізгінін қолымызға алғалы талай шет ел басшысын, жоғары дәрежелі делегацияларды өз деңгейінде қабылдап, тиісті сый-күрмет көрсетуге дағдыландық. Ілгеніне қарай қарсы алып, білгеніне қарай шығарып салдық. Олар да өздерінің киелі шаңырақтың табалдырығынан аттауға лайық тұлғалар екенін таныта білді.

Міне, сондай бір айтулы кездесу қарашаның 20-да болып өтті. Ол Президентіміздің елімізді ілгерілету стратегиясының 2030-жылға дейінгі бағдарламасына байланысты жолдауына арналғаны алдын-ала таратылған шақыру қағазынан мәлім болған-ды. Оның үстіне бұл кездесуге Сара Алпысқызы Назарбаеваның қатысып, сөз сөйлейтіні жиынның мән-мазмұнын арттыра түскендей еді. Мұндай бас қосуға мұрындық болған Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы, Әйелдер проблемалары және демографиялық саясат жөніндегі кеңес пен университетіміздің Әйелдер одағы екенін ерекше қанағаттанарлықпен атап өткен жөн.

Қадірлі меймандарды бас корпустың он алтыншы қабатындағы мәжіліс залына жиналған студенттер, оқытушылар қауымы ду қол шапалақтаумен қарсы алды. Оқу орнымыздың басшысы К.Н.Нәрібаев жиналғандарға қонақтарды таныстырып өткеннен кейін, Президентіміздің Жолдауының мән-маңызына, әсіресе жастарға рухани тәрбие беруге үлкен көңіл бөлінгендігіне көпшіліктің назарын аударды. Мемлекетіміздің болашағы - жастарды оқыту, тәрбиелеу, олардың денсаулығын қорғау сияқты проблемаларға Жолдаудың қорытынды бөлімінде бірсыпыра орын берілгенін айта келіп, ол осы салада үлгі тұтарлық істің бастаушысы болып жүрген "Бөбек" қорының президенті С.А.Назарбаеваға дәстүр бойынша әл-Фараби бейнесі кестеленген кілемшені және Алатаудың келісті көркемделген пейзаж-суретін табыс етті.

Одан кейін сөз С.А.Назарбаеваға берілді. Ол осындай кең, беделді жиынға шақырғаны үшін, жылы жүзді қарсы алғандары үшін аудиторияға алғыс сезімін білдірді. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына арналған кездесу тақырыбы аясында салауатты өмір салтын ырықтыру мәселелеріне жан-жақты тоқталды. Әрі дені сау, әрі жаны сау адам - өркениетті қоғамның мықты дінгегі екені туралы тезисті дамыта келе, адамды сауықтыру жолында тек дәрі-дәрмектің шипасы жеткіліксіз екенін, тәні таза адамды қалыптастырудың басқа да жолдарын іздестірудің жүріп жатқанын тілге тиек етті. Осы күні көпшілікке белгілі Порфирий Ивановтың әдісінің жағымды да, тиімді жақтарын көрсетіп кетті. Адам мен жаратылыс, табиғат пен есті тіршіліктің үйлесімділігі туралы пікір де жиналғандардың

көкейінде қалады ғой деп ойлаймыз.

Адам өзін табиғаттан жоғары қоймау керек, оның пиғылы мен пікірі түзік болғаны жөн, ал пиғылы оң адам табиғаттың тұрлаулы заңдарын бұзбайды.

Қазіргі күні қоғамда, шартты түрде алсақ, ерлер партиясы, әйелдер партиясы деген жіктер бар сияқты. Біреулер еркектердің құқықтарын қорғайды, енді бірі эмансипацияның туын желбіртеге түсуге құмар. Ал шындығына келсек, мұндай жасанды шекара жоқ. Өйткені екі жарты - бір бүтін, отбасы деген бірлікті күрайды деді Сара Алпысқызы.

Одан әрі еліміздің бірінші ханымы әйелдердің қоғамда алатын орнына тоқтала келе, жалаң білім жарасымдылыққа, үйлесімділікке жетелемейтінін атап көрсетті, рухани кеуектіктен, босандықтан арылуға шақырды.

Қазақстан Республикасында ұлтаралық татулық, алдағы күнге деген сенімділік барлығына кәміл иланатындығын баса айтты. Сара Алпысқызы өз сөзін бәріміздің ортақ мекеніміз - Қазақстан тату да жарасты шырайдан айнымасын, айрылмасын деп тәмамдады.

Будан соң С.А.Назарбаева студенттердің әр түрлі сұрақтарына жауап берді. Өзінің отбасы тұрасында да көпке өнеге боларлық әңгімелер айтып берді.

Кездесудің ажарын ашуға Б.Төлегенова, З.Федотова, М.Айтхожина, Ә.Нұғыманова Н.Қаюпова сынды елімізге танымал қайраткер-аналардың да еңбегі сіңді деп ойлаймыз. Мысалы, Бибігүл Төлегенова бүгінгі жастардың рухани қазынасыз, классикалық шығармаларсыз, халық өнеріңсіз өрісі кеңеймейтінін айта келіп, жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырудағы өнер мен музыканың роліне ерекше тоқталды. Ал Марфуға Айтхожинаның сиясы әлі кеуіп үлгермеген жаңа өлеңі де студенттер мен ұстаздар көңілінен шықты деп білеміз.

Университетіміздің профессорлары мен оқытушылары қазіргі таңда жастардың рухани-адамгершілік, бабалар тарихына құрмет тұрғысынан тәрбиелеудің мәнділігі жөнінде айта келіп, өнердің тәрбиелік потенциалы мен экологиялық проблемаларды назардан тыс қалдырмау туралы өз ойларын ортаға салды.

Аталмыш жиын тек пікір алысу, сөз жарыстыру формасында ғана өткен жоқ. Әңгіме аясы кең, проблемалар сүйекті болды.

Кездесуді қорытындылаған университетіміздің ректоры К.Н.Нәрібаев таяуда құрылысы аяқталған Студенттер сарайының ашылу салтанатына екі мыңға жуық студент қатынасатынын, сол қуанышты рәсімге Сара Алпысқызын арнайы шақыратынын, бұл мәдени ошақтың студент-жастарды рухани, эстетикалық тәрбиелеу жолында нақты қызмет ететінін атап айтты.

Самал АЙДАБОЛОВА





# Где ты, город Баласагун?

С 13 по 15 ноября с.г. на базе нашего университета под эгидой международных обществ (INTAS, фонда СОРОС-КАЗАХСТАН, UNINET-ECA), Министерства науки Академии наук прошла первая международная археологическая конференция.

В ее работе приняли участие видные зарубежные ученые М.Тоси (Италия), М.Отте (Бельгия), Х.Гаубе (Германия), М.Лэй-мэн, Х.Эйкенберг (Бельгия), М.Венци (Италия), В.Шушунов, И.Капустина (Россия), Т.Ширинов (Узбекистан).

С казахстанской стороны с научными сообщениями выступили 19 человек, в т.ч. члены-корреспонденты НАН РК К.Байпаков, И.Исмагулов, профессора Л.Акимов, А.Толеутаев, А.Т.Шалекенов.

Главным итогом конференции можно считать те решения, которые будут направлены на защиту и реставрацию исторических памятников среднеазиатско-казахстанского региона, координацию сил ученых по сохранению бесценных архитектурных реликвий от разрушений. В этом контексте немаловажную роль играет также идея открытого общества, создания благоприятного климата, для расширения и распространения международной научной информации.

Наш корреспондент Г.АК-СЕЙТОВА во время конференции встретилась с доктором исторических наук, профессором У.Х.Шалекеновым и попросила его рассказать о своем научном интересе, направлении научных изысканий, в особенности о городе Баласагуне, изучением которого он занимается в течение многих лет.


В раннем средневековье на территории Южного Казахстана, являвшегося центром оседлой культуры, существовало много городов. Арабский географ ал-Макдиси, посетивший все мусульманские страны, в своем сочинении "Асхан ат-такасим фи-ма рифат ал-акалим" среди многих городов и селений называет города Средней Азии и Южного Казахстана Суяб, Исбиджаб, Фараб (Отрар), Сауран, Тараз, Джикиль, Барсхан, Баласагун, Кулан, Мерке, Жаркенд и др.

Крупными городами Западного Тюркского каганата в Чуйской долине были Суяб и Баласагун. В эпоху Караханидов, Каракитаев (Каракиданов) Баласагун был одной из столиц Чуйской, Таласской долин и Семиречья, через которую проходил Великий шелковый путь. Как столичный город Баласагун упоминается в трудах арабских, персидских и европейских ученых и путешественников X в.

Баласагун погиб в результате бесконечных междоусобных феодальных войн, имевших место в раннем средневековье в Западном Тюркском каганате, особенно при правлении Караханидов и Каракитаев, а уже в первой четверти XIV в. и название его было забыто. В.В.Бартольд сообщает: "Баласагун - город в Средней Азии, местонахождение которого не удается точно установить". В результате возникла проблема локализации города Баласагуна, не разрешенная по сей день.

Ею интересовались многие отечественные и зарубежные востоковеды. Академик В.В.Бартольд основательно занимался этим вопросом. Им были обработаны архивные источники, на

основании чего автор доказал, что Баласагун нужно искать в Чуйской долине. Вместе с тем он откровенно признал, что недостаточность сведений не позволяет ему определить местонахождение Баласагуна. При жизни В.В.Бартольда упомянутые им памятники в Чуйской и Таласской долинах по-настоящему не подвергались археологическому изучению, так как археологическая



Гипсометрическая карта среднего течения р. Чу (заштрихованные квадраты - современные города, незаштрихованные - городища, кружочки - населенные пункты)

служба в Средней Азии и Казахстане только зарождалась. Поэтому и вопрос о местонахождении Баласагуна оставался открытым.

Проблемой локализации Баласагуна занимались и советские востоковеды. Изучая в 50-х гг. средневековые города Чуйской и Таласской долин, А.Н.Бернштам отождествлял с Баласагуном городище Акбешим, расположенное около Токмака. Такого же мнения придерживался сначала и Л.Р.Кызласов, раскапывавший это городище в течение нескольких лет, но впоследствии он отказался от этой точки зрения, поскольку, по его мнению, Акбешим прекратил существование в X в. Опираясь на результаты археологических раскопок на Акбешиме и Буране, Л.Р.Кызласов пришел к выводу, что ни Акбешим, ни Бурана не могут быть сопоставлены с Баласагуном. Нам представляется мнение Л.Р.Кызласова правомерным.

А, по нашему мнению, тождественным Баласагуну является городище Актобе, расположенное на территории бывшего колхоза им. Калинина Шуского района Жамбылской области, где ведутся археологические раскопки с 1974 г. специалистами нашего университета.

Высокий культурный уровень страны отмечали Мухаммед ибн-Мансур Мерверруди: "У тюрков была письменность, они знали тайны волшебства и небесных светил: обучали детей грамоте. У них было два вида письма. Один согдийский, а другой тогуз-огузский. Тюрки также умели слагать стихи - касиды и рубаи. (До нас) дошел рубаи, ритмичный и содержательный". Это подтверждается археологическими находками с городища Актобе. В 1989 г. нами была обнаружена согдийская надпись на венчике большого хума, выполненная курсивным согдийским письмом, характерным для многих согдийских памятников периода VIII-X вв.

(Продолжение см. на стр.9)



# Университетские УНИКАЛЬНЫЕ НОВОСТИ

С 3 октября на журфаке начала работу университетская комиссия, возглавляемая профессором А.Г.Сармурзиной, цель которой - плановая проверка научно-педагогической, методической и административной деятельности факультета. Подобная "ревизия" в будущем ожидает и другие факультеты.

28 октября под председательством К.Н. Нарibaева состоялось очередное заседание Ученого совета университета. Перед членами Совета о деятельности НИИ проблем биологии и биотехнологии отчитался его директор С.Тулеуханов, о работе факультетской магистратуры - декан мехмата Н.Данаев. По информации руководителей этих подразделений и итогам обсуждений были приняты соответствующие постановления.

По ходатайству факультета журналистики за особые заслуги перед казахстанской культурой и образованием представителю ЮНЕСКО в Казахстане Мартину Хедлоу Ученым советом присвоена степен ь почетного доктора.

10 ноября факультет журналистики принимал известного сатирика, главного редактора газеты "Ара"- "Шмель" К.Амир-Бека. Он подробно рассказал о своем творчестве, планах на будущее.

11 ноября состоялась встреча заместителя государственного секретаря Финляндии Якко Бломберга со студентами факультета международных отношений КазГУ. В рамках своего визита в Казахстан он рассказал молодежи об основных направлениях внешней политики своей страны. Заместителя государственного секретаря сопровождал Чрезвычайный и Полномочный посол Финляндии в Казахстане Т.Толванен.

"Экологическая политика: пресса и власть" - международный семинар на такую тему состоялся на днях в школе молодых журналистов "Фокус Центральной Азии". Он организован по проекту Би-Би-Си. Участниками семинара были журналисты-практики из различных регионов Казахстана, а также студенты факультета журналистики.

Врачи, впервые осматривающие 31-летнего тбилисца Гочу Бекаури, напрасно пытаются прослушать удары его сердца на том самом месте где ему положено быть. Лишь он и несколько врачей, наблюдавших его с детства, знают, что по непонятному капризу природы у него внутренние органы как бы поменялись местами: сердце и селезенка расположились справа, а печень, желчный пузырь - слева.

Озеро Акколь, площадью в 2 гектара, что возле деревни Сахаева Кармаккалинского района Башкирии, ни с того ни с сего вдруг исчезло с лица земли. Такие выкрутасы озеро выделяет ежегодно. Специалисты считают, что причиной тому пески, которые размывая дно, образуют воронку, куда и устремляется вода.

С XVII Международного музыкального конкурса имени М.Глинки вернулась победительницей Жанат Бактаева, дочь известного певца Кенеса Бактаева, исполнителя партии Шеги из оперы "Кыз-Жибек". В Самаре, куда съехались более 100 исполнителей, она получила первую премию. По неподтвержденным данным, ее пригласили на работу в Большой театр России.

Человека, разгадавшего секреты знаменитых трюков Коплерфильда, зовут Геннадий Филиппов. Живет он в городе Красавино Волгоградской области.

- Сквозь стену я и сам проходил, - говорит он, - однако раскрывать публике секреты ни при каких обстоятельствах не стану. У магов не принято подставлять друг друга.

Руководство детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) приняло решение о переносе регионального представительства ЮНИСЕФ по Центральной Азии из Исламабада в Алматы. Об этом казахстанскую сторону официально известила письмом исполнительный директор этой организации Кэрол Беллами.





## Студент-ақындар айтысы

Қараша айының 14-жұлдызында өз оқу орнымызда студенттер клубы мен оның төрағасы Серік Қалиевтің, сондай-ақ белгілі айтыс ақыны Мұхамеджан Тазабековтің ұйымдастыруымен факультетаралық студент-ақындар айтысы өткізілді.

Суырыпсалма сөз өнерінен бағын сынаушыларға М.О.Әуезов шығармашылығы және еркін тақырып ұсынылды. Айтыс басталар алдында кешті жүргізуші Мұхамеджан Тазабеков әділ қазылар алқасы құрамымен таныстырды. Қазылар алқасының төрағалығына филология факультеті деканының орынбасары, доцент Рахымжан Тұрысбеков сайланды, ал мүшелері - журналистика факультетінің ұстаздары Бақытбек Атаев пен Нұржан Қуантаев, студенттер клубының төрағасы Серік Қалиев және академиядан арнайы шақырылған қызметкер, жас ақын Батырболат Қабошов.

Айтысқа шыққан 4 жұп студент-ақынның 5-і журналистика, ал 3-і филология факультеттерінен.

Әрбір ақын өз қарсыласын дәстүрлі жеребе тарту әдісімен анықтап алды. Сәл даярлықтан соң, айтыс басталып та кетті.

Міне, төрт жұп ақындардың озып шыққандары да белгілі болды. Енді қазылар алқасының шешімі бойынша, әрқайсысы 25 баллдан жинаған Талант пен Балғынбекті және әрқайсысы 20 баллдан жинаған Гүлбағыш пен Бауыржандар өзара айтысты. Осы сайыста жеңген екі ақынды және айтыстырған соң, жеңімпаз Дәулеткереймен сөз сынасуға шығады деген шешім қабылданды. Осының нәтижесінде жүлдегерлер де анықталды. Бас жүлде Дәулеткерейге, екінші жүлде - Гүлбағышқа байланды, ал Талант пен Балғынбек үшінші жүлдені бөлісіп алды.

Айтысқа қамқорлық көрсетіп, жеңімпаздарға жүлделік сыйлықтар алуға қол ұшын берген кәсіподақ ұйымына, "Алдаспан" бірлестігіне, "Перизат" фирмасына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

**Бейбіт МЕКЕЕВ,**  
2 курс студенті

## Красота требует жертв

Наверное, нет такой девушки в Алматы, которая хоть краем уха не слышала о косметической клинике Оксаны Малицкой, что находится на пересечении улиц Байтурсынова-Шевченко. Небольшое уютное здание, огороженное декоративным чугунным забором. Клиника платная. И это наводит на мысль, что с тобой должны вежливо обходиться по принципу "клиент всегда прав". Все так и есть, исключая те случаи, когда в регистратуре говорят по телефону со своими родственниками, а ты ждешь и ждешь, чтобы оплатить услуги. Один только прием врача стоит больше пятисот тенге. Невольно вспоминается жадный священник, описанный в рассказе Мельникова-Печерского... "Да я за эти деньги "Господи, помилуй" не скажу", - говорит он. Примерно такую же картину мы видим здесь.

Приходят больные, а зачастую это студентки ВУЗов Алматы, просят совета, а в ответ: "Не знаю, не знаю, платите чек и идите на прием". Но это еще цветочки. Ягодки начинаются, когда ты идешь от врача к врачу, конечно же, не бесплатно, и всякий норовит назначить тебе сеансы, по их словам, избавляющие от всех недугов. Кто-то назначает семь, а кто-то пять сеансов. Цена одного - 350 тенге. Радуйтесь, милые девушки, если это лечение что-то вам даст. А может оказаться, что после него ваша внешность ничуть не изменится. И врач сделает вывод, что вам нужны более сильные, более дорогие процедуры. Уловили? Еще вам назначат какую-то непонятную смесь, называемую "болтушкой", и вы должны ее обязательно купить в аптеке, которая находится в вестибюле клиники. Продавец - красивая девушка, которая постоянно подкрашивает глаза или пьет чай...

Иногда в кафе приходят ее друзья, а обычно это молодые люди. Так неудобно ее отвлекать...

Какие же выводы можно сделать об этой клинике? Думаю, каждый делает их сам.

**Юлия КИМ,**  
студентка 3 курса





# Клонирование означает "ветвь"

**Большое распространение среди ученых получают в настоящее время взгляды, касающиеся возможной реконструкции гено типа человека. В СМИ высказываются и всякого рода предположения относительно будущего человека в биологическом плане.**

**Наш корреспондент Гульмира Бажанова попросила высказаться по этому поводу члена-корреспондента НАН РК, директора Института физиологии, генетики и биоинженерии, профессора Избасара Рахимбаевича Рахимбаева.**

**Корр.:** - Избасар Рахимбаевич, давайте для начала поясним, что же такое клонирование?

**И.Р.:** - Для этого надо дать расшифровку самому термину "клон". "Клон" с латинского языка означает "ветвь", "отводок", "отпрыск". Преимущественно методом клонирования размножаются растения, но в последние годы эта технология используется также в животноводстве.

Необходимо отметить, что клон - это потомство, образовавшееся бесполом путем, т.е. вегетативным способом размножения. Этот способ известен и в растениеводстве.

**Корр.:** - Как давно возникла эта наука?

**И.Р.:** - Эта наука возникла, пожалуй, одновременно с развитием растениеводства, когда человек начал одомашнивать растения. Сейчас я хочу рассказать о новых методах клонирования, в частности, о микроклональном размножении. В чем его суть? А в том, что путем размножения отводками, луковичками или делением целого растения выявилась возможность культивировать изолированные ткани очень небольшого размера, буквально в несколько миллиметров, более того, отдельные, изолированные от живого организма растений клетки. Оказалось, что растительные клетки обладают таким уникальным свойством, как тотипотентность. Это означает, что идентичная клетка содержит весь набор генетической информации, характерной для данного организма, и может полностью реализовать эту информацию от клетки до целого организма.

**Корр.:** - Как и при каких условиях проводится процесс микроклонирования?

**И.Р.:** - Изолировав кусочек ткани или отдельную клетку из организма, ее помещают в пробирку в искусственную питательную среду в асептических условиях, т.е. все должно быть исключительно стерильным: и помещение, и посуда, и реактивы, и инструменты, которыми пользуется экспериментатор. В этих условиях клетка начинает делиться - образуется тканевая масса, которая с помощью изменения состава питательной среды стимулирует образование корней, почек, из которых вырастает целый организм.

**Корр.:** - Применяются ли эти методы на практике?

**И.Р.:** Сейчас создаются лаборатории, даже биотехнологические линии для массового тиражирования каких-то очень ценных, уникальных сортов или видов растений. К примеру, многие растения помещены в Красную книгу. И вот здесь применяются методы микроклонального быстрого и массового размножения. Допустим, в Институте плодоводства и виноградарства разработаны методы размножения лучших сортов винограда, груши, малины, смородины и др., а в Институте картофельного и овощного хозяйства - методы, созданные биотехнологической линией по быстрому размножению ценных сортов картофеля.

Надо отметить, что наряду с массовым размножением удается оздоровить посадочный материал.

**Корр.:** - Реализуется ли продукция, разработанная методом микроклонирования?

**И.Р.:** - Раньше, когда были колхозы, совхозы, конечно, они могли закупать продукцию в больших масштабах и

использовать у себя. Сейчас запрос снизился, это связано со структурными перестройками, которые происходят в сельском хозяйстве.

**Корр.:** - Т.е. препятствуют экономические проблемы?

**И.Р.:** - Да в целом ни методических, ни технических трудностей нет, есть только трудности рыночного характера, т.е. нет спроса на эту продукцию. Между тем, в экономически развитых странах имеются крупные биотехнологические фирмы, которые делают многомиллиардные обороты как раз за счет микроклонального размножения.

**Корр.:** - На ваш взгляд, каковы "плюсы" и "минусы" микроклонирования?

**И.Р.:** - В отношении растений никаких минусов нет - это сплошные плюсы. Но сложности есть в отношении микроклонирования животных. Здесь речь идет о трансплантации - пересадке зигот и только образовавшихся эмбрионов. Задача клонирования животных такая же - быстрое размножение уникальных пород сельскохозяйственных животных.

Еще одна положительная сторона - зиготы и зародыши можно транспортировать в совершенно другую страну. Например, этот материал можно получить из Австралии, из Америки и др. стран. Привезенные организмы имплантируют животным, которые подготовлены для их восприятия. Причем, "носителем" может быть любая порода, но потомство будет идентичным той породе, к которой принадлежат зигота и эмбрион.

**Корр.:** - Применяется ли этот метод в отношении человека?

**И.Р.:** - Во многих странах метод клонирования используется. По Казахстану, к сожалению, у меня информации нет, но я слышал, что экспериментальные и даже клинические работы начаты.

В некоторых странах есть уже законодательные акты, регулирующие этот тонкий вопрос. У нас такого законодательства пока нет.

В принципе и человека можно клонировать. Но здесь возникает очень большая опасность - в чьи руки попадет эта технология. Если попадет в руки "плохого человека", то он, естественно, использует этот метод для недобрых целей, появится возможность для тиражирования людей с какими-то жутко отрицательными качествами. В связи с этим существуют морально-этические нормы, которыми должен руководствоваться ученый, прежде, чем открытие станет доступным для использования. Немаловажную роль играют религиозные каноны, которыми руководствуется значительная часть человечества.

**Корр.:** - Избасар Рахимбаевич, расскажите о своих последних разработках.

**И.Р.:** - Нам удалось воссоздать целый организм из пыльцевой клетки, т.е. из мужских репродуктивных клеток растения. Там содержится одинарный набор хромосом, т.е. половина присущего для данного организма генома. Оказалось, что в этом одинарном наборе хромосом содержится полная генетическая информация, позволяющая воссоздать целый организм.

**Корр.:** - В конце беседы я хотела бы узнать о ваших прогнозах...

**И.Р.:** - Прогнозы... Мне кажется, не далек тот год, когда в Казахстане появятся технологические линии, где будут крупномасштабно реализованы технологии микроклонального размножения растений, а также завод или цех, где будет налажена технология массовой пересадки зигот и эмбрионов сельскохозяйственных животных. Я верю в это.



# Көне мұралар тіл қатады

Көкірегіндегі қастерлі қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой кемесі - кітап десек, бүкіл қоғамның рухани тіршілігі сонда тоғысып, бүкіл болмыспен сабақтасып жататындығы ақиқат. Адамзат ақыл-ойының інжу-маржаны болып келе жатқан осынау теңдесі жоқ дүниені қастерлеп, халық игілігіне жарата отырып, оның төгілмей-шашылмай болашақ ұрпаққа жетуіне жанашыр бір мекеме бар. Ол - кітапхана. Бүгінде кітапхана туралы, ондағы рухани байлық жанашырлары жайында аз жазылып жүрген жоқ. Қаржы тапшылығы аяққа оралғы болып, қалт-құлт күй кешіп отырған мекемелердің бірі де кітапхана. Республикамызда әр түрлі деңгейдегі кітапханалар бар. Оларда абонемент, оқу залы, өнер бөлімі, өлкетану, анықтамалық-библиографиялық сияқты көптеген бөлімдер бар екендігі аян. Ал сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар санаты ұлан-байтақ республикамыз бойынша екі-ақ кітапханада бар екен. Оның бірі - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми кітапханасындағы "Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімі". Аталмыш бөлімнің жұмысымен студенттерімізді кеңірек таныстыруды мақсат ете отырып, бөлім меңгерушісі Бірімжанова Раиса Тасболатқызына жолығып, сұхбаттасқан едім.

**Гүлжан Ескендір:** - Ең алдымен бөлімнің тарихына аз-кем тоқталып өтсеңіз?

**Раиса Тасболатқызы:** - 1959 жылы ҰҒА төралқасының "Көне мұраларымызды сақтап қалу шаралары туралы" шешімі шықты. Осы қужат негізінде бұл құрылым алғашқыда "Сирек кездесетін кітаптар, қолжазбалар және қазақ әдебиеті бөлімі" болып топтастырылған еді. Содан бері 40 жылдай оқырмандарға қалтқысыз қызмет етіп келеміз. Алғашқы кезде көне мұраларымызды жинау мақсатында Ғылым академиясының жанынан экспедиция құрылған болатын. Қаржы бөлініп, бөлімнің қызметкерлері қазақ кітаптары шыққан жерлерге, Ресейдің ірі-ірі кітапханаларына барып, сондағы мұраларымыздың көшірмелерін әкеліп, кітап қорын толықтырып отырған.

**Г.Е.:** - Енді кітап қорының құрамы туралы не айтар едіңіз?

**Р.Т.:** - Қазіргі кезде біздің кітап қорымыз 3 сектордан тұрады. Атап айтар болсақ, сирек кездесетін орыс

тіліндегі кітаптар секторы, шығыс тіліндегі кітаптар секторы, қолжазбалар секторы. Орыс тіліндегі кітаптар саны 23 мың, шығыс халықтарының тілдеріндегі кітаптар 9 мың, қолжазбаларымыз 22 мыңнан асады. Жуырда ғана жаңадан "Өлкетану секторын" құрдық. Онда бүкіл Қазақстан туралы қазақ және орыс тілдеріндегі, сонымен бірге шетел тілдеріндегі барлық материалдарды жинап, кемінде бір данадан сақтау көзделіп отыр. Бұлармен қатар, қорымызда жоқ, сирек кездесетін кітаптардың, қолжазбалардың, шығыс тіліндегі әдебиеттердің бізде жоқ даналарының фотокошірмелері, микрофильмдер бар. Жалпы, бөлім қорында 159 мың дана басылым сақталынады.

**Г.Е.:** - Мерзімді басылымдарды да кітап қорынан бөліп қарауға болмайтыны рас. Олай болса, сирек кездесетін қордың газет-журналдары туралы айтып өтсеңіз?

**Р.Т.:** - Революцияға дейінгі кезеңде шыққан "Қазақ", "Айқап", "Шолпан", "Таң", "Серке", "Еңбекші қазақ", "Алаш" сияқты газеттер - біздің қазақ оқырмандарымыздың құнды олжаларының бірі. Сол кездерде шыққан нөмірлері түгелге жуық сақталған. Айта кететін тағы бір жайт - мұндай тарихи құнды дүниелеріміздің бірде-біреуінің ксерокөшірмесін алуға рұқсат етпейміз. Өйткені ксерокс аппаратының зиянды сәулесі қағаздың

неғұрлым тез тозуына әсер етеді.

**Г.Е.:** - Қазіргі кезде кітап толықтыру жұмысы қалай жүзеге асуда?

**Р.Т.:** - Жалпы алғанда, бұл төңіректің жұмыс тоқтап тұр десе де болғандай. Өйткені кітапхана қызметкерлерін іссапарға жіберіп, оннан мұннан кітап іздеттірерлік қаржы жоқ. Дегенмен ілуде біреу кездесіп қалады. Кейде біреудің жеке кітапханасында сақталып қалған кітаптарын біздің бөлімімізге әкел береді. Мұндай оқырмандарымызға рахметтен басқа айтарымыз жоқ.

**Г.Е.:** - Кітаптарды таза, жазулары анық қалпында сақтау үшін қандай жұмыс істеп жатырсыздар?

**Р.Т.:** - Ол үшін жыртылған, тозған кітаптарды қалпына келтіру бөлімі бар. Бөліміміздегі жыртылып қалған кітаптарды сол бөлімге өткіземіз. Онда арабша басылған кітаптарды да, басқа да көне жазуларды да оқи білетін арнайы маманымыз бар. Қиылған, жыртылған жерлерін бүтіндеп, құрастыру үшін сауаттылық қажет. Ал жөндеу жұмыстары қолмен жасалады жәй ғана желім, жәй ғана қайшы. Сол сияқты түптеу жұмыстары да қолмен істеледі. Ешқандай техника жоқ. Барға қанағат етіп келеміз.

**Г.Е.:** - Бөлімнің кітап қорын кімдер пайдалана алады? Студенттер оқырман бола ала ма?

**Р.Т.:** - Осы Ұлттық ғылым академиясының қызметкерлерінен басқа сырттан келгендердің бәріне - қызмет ақылы. 50 теңге төлесе, кітапхана жыл бойы оларға қызмет көрсете алады. Студенттер тек 3-курстан бастап қана кітапханамыздың оқырманы болуға хақылы. Ал сирек кездесетін кітап қорын тек диплом жұмысын жазарда ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Студент кафедрға меңгерушісі мен факультет деканы куәландырған кепілдемелік хат әкеліп тапсырады. Кепілдемелік хатта диплом жұмысының тақырыбы көрсетіліп, берілетін әдебиеттерді ұқыпты пайдаланатындығына кепілдік беріледі. Мұндай хатты алғаннан кейін, кітапханамыздың директоры студенттің екі қорда жұмыс істеуіне рұқсат береді.

**Г.Е.:** - Ұлттық кітапханада, сіздердің бөлімдеріңізде көздің қарашығындай сақтап жүрген дүниелеріңізді жыртып, қиып алып кеткен жағдай болды ма?

**Р.Т.:** - Бұл жерге тек зиялы адамдар келеді деп ойлаймын. Мұндай жағдай әлі бірде-бір рет кездескен жоқ. Біздің қызметкерлеріміз де өз міндетін білетін тәжірибелі адамдар.

**Г.Е.:** - Әңгімеңізге көп рахмет!  
**Гүлжан ЕСКЕНДІР, 3-курс студенті**



## География - наука не только почталыонов

*"Широка страна моя родная. Сколько в ней лесов, полей и рек..." - так звучат слова песни, которую мы с гордостью пели когда-то. Но речь сейчас не о песне. С каждым годом все меняется вокруг нас, происходят природные катаклизмы. Для их изучения существуют специалисты. Конечно же, они не растут из-под земли, их готовят на факультете географии. Декан этого факультета Вячеслав Михайлович Болдырев рассказывает о современных направлениях этой серьезной науки.*

**В.Б.:** - Раньше география была описательной. Даже у Фонвизина в "Недоросле" мамаша считала, что "география не нужна. Извозчики сами доведут куда надо..." Но география - комплексная наука и занимается изучением природных процессов, воздействующих на человека. Сегодня существует очень много методов для

исследования "капризов" природы. Наряду с традиционными используются математические и статистические модели. По ним можно исследовать те или иные природные ресурсы.

**Корр.:** - Востребована ли эта наука?

**В.Б.:** - Конечно, этап, который мы

переживаем, очень трудный, и востребованность не такая, как раньше. Но за последние годы метеорология и прогнозика все еще пользуются успехом. Они очень нужны нашей республике. Хуже с географией. Из-за того, что в школах невысокая зарплата, студенты неохотно идут учиться на преподавателей. Правда, популярностью пользуется туризм, мы готовим менеджеров туризма.

**Корр.:** - Как вы думаете, какое будущее у этой науки?

**В.Б.:** - По-моему, пока существует земля, география будет. Вот в следующем году мы открываем новую специальность "картография", которая очень нужна. Все старые карты уже не пригодны. Без них мы, как слепые котятка. Наш факультет уже выпустил несколько книг, предназначенных для вузов. Так что, пока есть земля, будет география.

Айнур КАРГАЛИНОВА

## Экономиканы да, занды да білеміз

Нарықтық қатынастарға, білім беру жүйесіндегі реформаларға байланысты біздің университетімізде де айтулы өзгерістер болып жатқанын байқаймыз. Соның бір көрінісі - университет жанынан құрылған Экономика және құқық институты.

Бұл институттың ашылуына не себеп болды? Оның мақсаты мен міндеті қандай? Міне, осы сұрақтың төңірегінде институт директорының бірінші орынбасары, Заң ғылымының докторы, профессор Еркін ЖӘКІШОВ ой қозғайды:

- Біздің киелі шаңырағымыз, қазақтың ұлттық университеті - өзін-өзі басқаратын, автономиялы оқу орны. Өз тізгіні өзінің қолында болғандықтан, университет

құрамында факультеттерден тыс ғылыми зерттеу институттары, арнайы құрылымдары болу керек. Осы себептен өткен оқу жылының аяғында, Ғылыми кеңес мәжілісінің шешім бойынша, екі факультетті біріктіріп Экономика және құқық институты ашылды. Бұл факультеттердің бір-біріне жақындығы бар, көп мәселелер, зерттеулер ұштасып жатады. Мысалы, кейбір құқық заңдары тікелей экономикалық процестерді дамытуға, ілгерілетуге қызмет етеді.

Бұл, әйтеуір, өзгеріс жасаудың қарекеті емес. Істеліп жатқан шаруа - реформалар талабына жауап беру, оқу ісі мен ғылыми жұмыс тиімділігін арттыру, мамандар мен оқытушы-

лардың жауапкершілігін көтеру.

Институттың басқару жүйесіне келетін болсақ, институттың директоры, оның бірінші орынбасары және оқу ісі жөніндегі орынбасары бар. Кафедралар құрамында, оқу жоспарында пәлендей өзгеріс жоқ. Институт екі сала бойынша мамандар дайындайды. Біздің ұжым университеттің құрамындағы факультет статусындағы құрылым болғандықтан, түлектеріміз Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құқық және экономика институтын бітірді деген диплом алып шығады, яғни олар экономикадан да, заң саласынан да хабардар маман ретінде нарықты кеңістікке аяқ басады.

Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ,  
4 курс студенті

Недавно Молодежный комитет и Институт экономики и права КазГУ провели музыкально-развлекательную игру "Что? Где? Когда?" Студенты сумели найти заманчивую

игру: "Казахстан от ханской власти к президентскому правлению". Она вызвала у многих наших сверстников большой интерес. К тому же вопросы были связаны со всеми сферами жизни.

В игре участвовали 5 команд: "SIFE", "Интернационал", "Достық", "Сұңқар" и "Фемида", все с юридического факультета, кроме "SIFE".

Основательно подготовленные студенты показали себя с лучшей стороны. Но, конечно же, игра есть - игра. Первое место завоевала команда "SIFE".

Второе место по праву принадлежало "Интернационалу". Но самое большое впечатление на аудиторию произвели ведущие этой игры Асет Боранбаев и Алия Казакова.

В конце игры была проведена лотерея. Счастливчиков наградили призами.

Мира СУЛЕЙМЕНОВА,  
студентка 3-курса

## Умей находить интересы



## Әрі студентпін, әрі ұстазбын

Адам тәрбие нәрімен ең алғаш ата-анасынан сусындайды. Ата-ананың әрбір сөйлеген сөзі, әр басқан адымы сәби үшін өзінше бір үлгі кітабы бола алады. Сәби белгілі бір жасқа дейін жанұясынан, содан кейін айналасындағы адамдардан үлгі-өнеге алады. Одан кейін қоғамдағы ең үлкен жауапкершілік, шындығында, үйретуші, оқытушыларға түседі. Себебі олар ең қиын және ең үлкен істі - жас ұрпақты өркендетуді мойнына алады. Қытай халқының бір мақалында: "Бір жылдан кейінгі ойласаңыз, күрші егіңіз. Он жылдан кейінгі ойласаңыз, ағаш егіңіз. Ал жүз жылдан кейінгі ойласаңыз ұрпағыңызды тәрбиелеңіз", - делініпті. Яғни елдің келешегінің жақсы-жаман болуы адамдарына байланысты.

Оқытушы тәлім-тәрбие және білім

берумен қатар, олардың алдында мінез-құлқының да жақсы болуын қадағалауы керек және де әр мұғалім, тәрбиеші оқушыларды өзіне тартып, үлгі көрсетуі керек. Әрбір мұғалім бойынан мәдениеттілік, сыпайылық, адамгершілік, сабырлық, оқушыларға деген сүйіспеншілік лебін көруге болады. Олардың басқа мамандық иелерінен өзгешеліктері де осы. Егер осы ерекшеліктердің бәрін мұғалім бойынан көре алсақ, келешекте жақсы нәтиже шығара аламыз деп ойлаймын.

Айнаға қарағанымызда, тура өзімізді көреміз. Өзімді ойласам, бір жағынан оқушы, бір жағынан оқытушы екенмін. түске дейін ұстаздарымнан сабақ аламын. Олардың дәрістерін тындап тұрғанда, көз алдыма мұғалім орнына өзімді қойғым келеді. Мен де

оқушыларға осылай тәрбие беретін боламын деп, ұстаздық мамандыққа деген сүйіспеншілігім арта түседі.

Қазақстанда бесінші жыл білім алып келемін. Оның үстіне бесінші жыл тәрбиеші қызметін атқарудамын. Биыл менің ең алғашқы түлектерім лицейді бітіріп, қалаған оқу орындарына қарай қанат сермеді. Олардың көбі Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті сияқты жоғары оқу орындарының шәкірттері. Сонымен бірге Түркиядағы үлкен университеттерге түскен шәкірттерім де бар. Ал кейбіреулері осы Қазақстандағы түрік фирмаларында жұмыс істейді. Осы оқушылардың барлығы келешекте Қазақстан мемлекетінің бір мықты тірегі болады деп ойлаймын. Оқушыларымның жаңа туған айдай жарқырағаны - мен үшін үлкен бақыт.

Үлкі БОРА,  
журналистика факультетінің  
түркиялық студенті

## Америка бізге алыс емес

Бұрынғы жүйе тұсында сырт жұртпен арада темір қорған тұрғандай еді. Егемендігімізді алғалы бері сен бұзылып, шет мемлекеттермен емін-еркін араласатын жағдай туды.

Осыған орай біздер - жастар білімдерімізді өз елімізде ғана емес, шет елде де толықтыруымызға мүмкіндік алдық. Бұл - біз үшін үлкен қуаныш.

Өзіміз білім алып жатқан қара шаңырақ - әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті өзге елдер жоғары оқу орындарымен ғылыми, біліми тұрғыда қарым-қатынас жасуда. Мәселен, біздің журналистика факультетіндегі ЮНЕСКО кафедрасы Американың Оклахома университетімен тығыз байланыста. Американдық ғалым-оқытушылар біздің университетімізге келіп, тәжірибе алмасып, дәріс оқып кетсе, біздің оқытушыларымыз да сондай мақсатпен Оклахома университетінде болып қайтқанды.

Үстіміздегі жылы Оклахома университеті мен Қазақ университеті арасында алдағы екі жылға арналған жаңа бағдарлама жобасы жасалды. Бұл екі университет ғалым-оқытушыларының тәжірибе алмасып, дәріс беріп, журналистер даялаудың болашақ бағдарламаларын бірлесіп ойластыруға мүмкіндік туғызды, сөйтіп, екі ел студенттерінің де барып-келулеріне, білім алуларына қолайлы жағдай жасалды. Мәселен, біздің университет оқытушылары Оклахома университетінде болған кездерінде ағылшын тілін үйренумен қатар, Интернет компьютерлік жүйесімен танысады. Америка деңгейінде мұндай ғылыми байланыс жасау - біздің журналистика мектебі үшін үлкен жетістік.

Жақында Оклахома университетінің журналистика факультетінің деканы Пол Смейк екі апталық іссапармен бізде болып, факультет жұмысымен жете танысып, оқытушыларымызбен пікір алысып, студенттерімізге лекция оқып қайтты. Жасаған жобаның екі университет үшін де берері мол.

Нұрғалым ОМАШ,  
журналистика факультетінің 2-ші курс студенті

*Каждую субботу в эфир Казахского радио выходит религиозно-просветительская программа "Ученые об исламе", автором которой является журналист Жанниет Айжарыкова.*

*- Жанниет Асканбаевна, Вы проработали здесь более 30 лет, расскажите, пожалуйста, о первых ваших шагах в журналистике.*

*- После окончания средней школы я училась в кинотехникуме. Закончив его, поступила в Казахский Государственный университет, на исторический факультет, с детства я мечтала изучать этнографию, историю казахского народа, принимать участие в археологических экспедициях. Но не всегда в жизни получается так, как хотелось бы. Вначале я работала ассистентом режиссера на телевидении,*

## В субботний вечер об исламе

*спустя некоторое время перевелась на Казахское радио, заняла должность режиссера. А потом начала выходить в эфир со своими программами. Мои любимые темы - параллельные миры, астрономия.*

*- Каким образом вышла в эфир ваша передача "Ученые об исламе" и в чем состоит ее цель?*

*- Сразу же скажу: три года мне не давали разрешение на такую программу, но в сентябре 1996 года вопрос решился положительно. А цель передачи в том, чтобы люди узнали, что такое Ислам. В программе принимают участие ученые писатели, имамы. Они делают комментарии, дают советы, читают хадисы. Наряду с этим мы знакомим аудиторию с трудами ученых востоковедов. Хотелось бы, чтобы молодежь слушала эту программу, потому что она будет расти духовно, извлечет для себя много полезного.*

*- У Вас, наверное, есть и другие дела?*

*- Да, в данное время я перевожу на казахский язык хикметы Ахмеда Яссави.*

Гульшахадат ИСАЕВА,  
студентка 3-курса уйгурского отделения  
факультета журналистики



## Ана тіліміздегі жаңа оқу құралы



Е.У.Жамалбеков  
Р.М.Білдебаева

ЖАЛПЫ ТОПЫРАҚТАНУ  
ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ  
ГЕОГРАФИЯСЫ

дәрежесіне ие болып, көптеген жоғарғы оқу орындарында бұл сала ана тілімізде оқыла бастағалы біршама уақыт болды. Дегенмен дәп осы күнге шейін (бұл пәннен кезінде Одақта орыс тілінде шыққан бірнеше оқулық болғанымен) ана тілімізде шыққан оқулық та, оқу құралы да жоқ. Ауыл мектептерін ана тілімізде бітіріп келіп, қазақ бөлімдеріне түскен студенттерге бұл оқу құралы аса қажет екені күмәнсіз. Оның үстіне оқу құралын Қазақстан жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы саналатын әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университет баспасы, университет оқытушыларының шығаруы да құптарлық жағдай. Оқу құралын баспаға ұсынып, оның шығуына себепкер болған ғалымдар - ауылшаруашылық ғылымының докторы, профессор Т.Т. Тазабеков пен биология ғылымының докторы, профессор А.Б. Бигалиев - осы саланың белгілі мамандары. Еңбектің жауапты сарапшысы - география ғылымының докторы, физикалық география кафедрасының

менгерушісі Г.М. Жамалиева.

Ескеретін бір жай, аталмыш оқу құралы бұрынғы Одақ кезіндегі оқулықтар, оқу құралдары, сол кездегі оқу бағдарламаларының ізімен кетпепті. Авторлар сол бағдарламадағы жалпы топырақтану және топырақ географиясы заңдылықтарының сұлбасын сақтай отырып, өз республикамыздың топырақ жағдайларын толығырақ, тереңірек қарастырған. Оған кітаптың Қазақстан топырақтарының толық сипаттамасы мен оларды тиімді пайдалану туралы көлемді бөлімі жақсы дәлел. Оқу құралының тілі жатық, көпшілікке түсінікті, қажетті кестелермен, схема-суреттермен жақсы жабдықталған.

Жоғарғы айтылған пікірімізді түйіндей отырып, авторлар мен университет баспасына төмендегідей тілек білдірмекпіз:

1. Шыққан оқу құралының тиражы өте аз, бар болғаны 200 дана. Бұл тираж бір жылдың ішінде ғана университеттің осы екі факультеттерінің

студенттері арасында таралып кетуі күмәнсіз. Ал, шындығында, бұл пән республикамыздың барлық университеттері мен педагогтік институт студенттерінің география мен биология факультеттерінде арнайы пән ретінде өтетіні белгілі. Сондықтан бұл кітапты республика мұқтажын өтейтіндей етіп қайта басып шығару қажет.

2. Қазіргі шыққан оқу құралының көлемі 12,5 баспа табақ. Ал Қазақстанның жоғарғы оқу орындарына тек оқу құралы емес, шын мәніндегі толыққанды оқулық керек. Міне, сондықтан да авторлардың болашақта Қазақстан жағдайына лайықтап дайындалған бағдарламаға сәйкес оқулық жазып, оны республика Білім министрлігіне мақұлдатып, толықтырып, қайта шығарғаны ләзім.

**А.ТЕМІРБЕКОВ,**  
география ғылымының  
кандидаты, доцент,  
**Қ.КӨШКІНБАЕВ,**  
биология ғылымының  
кандидаты.

## Где ты, 'город' Баласагун?

(Окончание. Начало см. на стр.2)

Городище Актобе состоит из цитадели, шахристана и рабада, которые изучаются нами с 1974 г. В результате раскопок в верхнем слое цитадели вскрыт дворцовый комплекс, состоящий из различных помещений, в которых найдены чаши, крышки, дастарханы, миски, кувшины, горшки из поливной и неполивной керамики, оконечники копий, чугунные котлы, фигурка человека, монеты различного периода и др. Эти находки позволяют говорить о том, что средневековый город Баласагун пережил два этапа: VI-VIII и IX-XIII вв. На первом этапе Чуйская и Таласская долины входили в состав западнотюркского, тюркешского каганатов, государства огузов.

В этническом отношении они пережили объединения различных племен, занимающихся земледелием, скотоводством, ремеслом и другими видами хозяйства. Актобе - многослойный памятник. Нижний его слой датируется VI-VIII вв. Основателями города были тюрки.

Баласагун (городище Актобе) погиб в результате междоусобных феодальных войн. В разрушенном виде Баласагун оставался до прихода монголов в 1218 г. и после. Поэтому жители Баласагуна не могли оказать сопротивления войскам Чингисхана, которые заняли его без боя.

Монголы не долго оставались в разрушенном городе. Видимо, поэтому в течение 16 лет в верхнем слое городища Актобе нами не обнаружено

существенных археологических находок, относящихся к материальной культуре монголов. После монголов Баласагун окончательно потерял свое значение, и стало забываться даже его название.

Местонахождение города Баласагуна, который мы относим к современному Актобе, между (Баласагунскими) Аулиетау и Бозжоргынскими горами. По сей день местное население называет эти горы Аулиетау. Об этом М.Кашгарский писал: "Кулбак - имя тюркского отшельника, который постоянно жил в горах Баласагуна. Рассказывают, что он писал своей рукой на твердой черной скале: "тенгри коулы Кулбак", т.е. "раб божий Кулбак", и надпись оказывалась белой. И писал таким же образом на белой скале и оказывалась черная надпись. Следы его остались до сих пор".

**Галия АКСЕИТОВА**



Бір тойдан екі жар

# Көңілде қалған кей түйткіл

Таяу күндері, күдай жарылқап, бір топ жолдастарыммен бірге халқымыздың біртуар ақыны Төлеген Айбергеновті еске алу кешіне қатыстым. Өлең сүйер қауым үлкен залды лық толтырды. Бұл - бір қуаныш. Демек, қазақ поэзиясының қадыр-қасиеті әлі ортаймаған екен.

Сөз жок, осы кешті ұйымдастырушылар бұл жиынның басқаларға карағанда, ерекше, бөлекше болуын ойластырған. Бұрынғыдай ұзақ-сонар баяндамалар, үсті-үстіне шапан жабулар, көл-көсір сый-сияпат көрсетулер болған жоқ. Төлегендей тамаша дарынға, төгіліп тұрған талантқа енді дүнияуи жарылқаудың керегі де шамалы ғой.

Дегенмен, дегенмен... Көңілде қалған кей түйткілді айтпай кетпесем, тағы болмас. Жарайды, ақыңды еске алуға Қазақстан жазушыларының ресми көшбасшысы Н.Оразалин қатысты, кештің ажарын ашуға тырысып-ақ бақты. Ал қалған ақындар қайда, кеше Төлеген Айбергеновтің қасынан екі елі қалмай, іні-бауыр болып жүрген ақындар қайда? Жалпы, Жазушылар



одағы осындай жақсы жиын-тойлардан көпшілікті қулағдар етуге құлықсыз деп есептейміз. Осыларыңыз қалай, зиялы ағалар?

Және бір жәйт. Осы кешке арнайы шақырылып, сөз берілген Мұхтар Шахановқа келсек, ол кісі кештің өтуіне емес, өшуіне үлес қосты дер

едім. Ақын ағамыз, елші ағамыз бұл кешке қатысы жоқ кейбір жайларды сөз етіп, әлі аяқталмаған жиынға өзінше баға беріп, әлдекімдерге кіжініп, әлдекімдерді күстәналап бақты. Онымен де қоймай, өзінің орыс тілінде жазған "өлеңін" оқып, бізді бір күлкіге батырды. Аталмыш кеш Мұхтар Шахановтың емес, Төлеген аруағына арналғанын ол, сірә, есінен шығарып алған-ау шамасы. Мұхаңнан кейін сөз алған қырғыз ақыны Сүйінбай Ерәлиевтің де жетістіргені шамалы. Екі бірдей "шон" ақыннан кейін лебіз білдіретін не бір ақын, не бір жазушы "табылмағандықтан", Нұрлан Оразалин сөз кезегін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасарына беріп, онан соң, кешті жабуға мәжбүр болды.

Әрине, мұның бәрін айтқанда, біздің көздегеніміз - "тырнақ астынан кір іздеу" емес, кездесіп қалып жататын осындай олқылық, кемшіліктерді келешекте жібермеуге шақыру.

**Бейбіт Төлегенұлы,**  
2 курс студенті

*Кейде күнмен теңсесем,  
Толысып күнмен мен өсем.  
Гүл теремін жерімнен,  
Бірге туған елімнен*

Өсіп келе жатырмын, - деп жырлаған Төлеген бар болғаны отыз жылдай өмір сүрген. Аз ғана ғұмырында өшпес мұра қалдырған ол ақындықтың туын берік ұстап, табиғат берген дарын қуатын сарқа төге салғанын айқын байқаймыз.

*Бір тойым болатыны, сөзсіз, менің,  
Дәл қай күні екенін айта алмаймын,  
Бірақ, бірақ...*

Ешкімді де билетпей қайтармаймын, - дегені дәл биылғы жылы орындалғандай. Оның 60 жылдығына байланысты жер-жерде ақындар айтысы, мүшәйралар еске алу кештері ұйым-дастырылып, кей көшелерге ақын есімі беріліп жатыр. Егер ақын тірі болса, мұның бәрі ұлан-асыр мерейтойға айналар еді. Ама! қанша!

Дей тұрғанмен Мұхтар Әуезов атындағы драма театрындағы оны еске алу кеші Алматы өлең сүйер қауымын бір серпілтіп тастады десем,

артық айтпағаным.

Төрде ілінген ақынның бейнесіне қарап, ерекше бір сағынышпен тіл қатқан ақынның тұңғыш перзентінің

## Төлеген туралы толғаным

сөздері адамды еріксіз тебірткендей. Театр өнерпаздары ақын бейнесін көз алдымызға елестете отырып, оның жырларын беріле оқығанда, залда отырған жұртшылық ерекше бір күйге бөленгендей болды. Аяулы ақын бұл дүниені жырлау үшін келген ғой. Дала, орман, тылсым табиғат, өмір жайлы өлеңдерінде айрықша бір сүйсініс, бұл дүниеге деген ғашықтық оты маздайды. Естуімізше, ақынның ерекше бір өзіндік қасиеті болған екен. Ол - өз өлеңдерін түп-түгел жатқа білгені, жай ғана жатқа емес, басынан аяғына дейін, аяғынан басына дейін мүдірмей айтып беретін көрінеді.

Аяулы ағаның шығармалар жинағының бірінші бетіне үнілсек, бір ғажайып әлемнің есігін айқара ашқандаймыз, ондағылар сені қушақ

жайып қарсы алғандай. Осы кешке қатысқан ақынның рухани бауыры Мұхтар Шахановтың "Айбергеновтер шыны" атты өлеңінен ізгі ниеттің, құрметтеушіліктің, достықтың лебі ескендей.

*Он өлеңмен бар еліңді  
Ойландырған, толғандырған*

Махамбет пен сен ғана, - деген өлең жолдарына да қапысыз иланасың.

Ақын жырларының қазақ поэзиясында, Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар. Меніңше, Төлеген ақынның мұңын мұңдап, жоғын жоқтағандардың қатарында бізге жастар, Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің студенттері де бармыз. Ендеше, Төлеген Айбергенов есімі мәңгілік ұмытылмайды.

**Ұлан ҚАСЫМБЕКОВ,**  
2-курс студенті



## Его призвание - служение делу

Юбилей

Думаю, что общественности Казахстана небезызвестно имя ученого, педагога и общественного деятеля Калауши Адильхановича Бегалива.

Сегодня он достиг своего 70-летия. Грудная деятельность этого замечательного человека началась с должности народного следователя в прокуратуре Коргалжинского района Акмолинской области, куда он был направлен в 1949 году после окончания Алматинского государственного юридического института.

Вскоре он стал прокурором Акмолинской области. Затем в течение 20 лет К.А.Бегалиев занимал должность заместителя прокурора республики по кадрам. Он защитил кандидатскую диссертацию на тему: "Прокурорский надзор за расследованием дел о преступлениях несовершеннолетних". В качестве методического пособия для правоохранительных органов эта работа была разослана по всей стране. За многолетнюю и безупречную работу в органах прокуратуры Калауша Адильханович награжден орденом "Знак Почета", медалями "За трудовую доблесть", "За освоение целинных и залежных земель", тремя Почетными грамотами Верховного Совета Республики.

В 1964 году ему присвоен чин Государственного советника юстиции

3 класса. По решению ВАК СССР от 12 декабря 1980 года ему присуждена ученая степень доктора юридических наук. В связи с этим он перешел на научно-педагогическую работу. В настоящее время заведует кафедрой судопроизводства Института экономики и права Казахского государственного национального университета им аль-Фараби.

В 1994 году К.А.Бегалиев был награжден нагрудным знаком "Отличник образования РК", а в 1997 году нагрудным знаком "Почетный работник прокуратуры РК".

Непосредственное участие принимал он и в разработках ряда законодательных и нормативных актов республики.

К.А.Бегалиев неоднократно принимал участие в работе международных конгрессов, конференций и симпозиумов в США, Италии, Польше, Чехословакии, Болгарии и других странах.

В текущем году издательство "Ниса" выпустило в Алматы книгу "О почетных людях Казахской земли", где есть теплые слова и о Калауше Адильхановиче.

У К.Бегалиева прекрасная семья: супруга Гульзария Хасеновна - кандидат медицинских наук, в настоящее время находится на заслуженном отдыхе.

Старший сын Нурлан - кандидат



философских наук, сын Нариман пошел по стопам отца, работает старшим помощником прокурора Джетысуйского района Алматы. У Калауши Адильхановича трое внуков.

В настоящее время К.Бегалиев является заместителем председателя Диссертационного Совета по присуждению ученых степеней доктора и кандидата юридических наук при Казахском государственном национальном университете им аль-Фараби, принимает участие в подготовке профессиональных специалистов для республики, является заведующим кафедрой судопроизводства Института экономики и права КазГУ.

Ляззат Абишева,  
студентка факультета журналистики



Марка КазГУ всегда в высочайшей степени котируется в сфере образования республики. А люди, имеющие за плечами

у нашего университета, по-праву считались высококлассными специалистами. Сегодня в нашем университете по-прежнему работают те люди, которые стояли у истоков его создания и развития. И среди них - Татьяна Константиновна МIRONENKO.

## Люди из первой когорты

физмате легкой не назовешь, но училась она с удовольствием. Война ворвалась в ее судьбу, как и в жизнь всей страны, неожиданно и жестко. Многие студенты ушли на фронт. МIRONENKO со своими однокурсниками заступила на вахту в тылу. Все лето - напряженная работа в близлежащих колхозах, именно с них начался трудовой семестр, который потом стал в вузе традиционным.

После успешного завершения учебы Т.К.МIRONENKO осталась в КазГУ, ее избрали комсоргом вуза. Затем была преподавательская работа. На физмате она вырастила и воспитала не одно поколение настоящих специалистов.

Татьяну Константиновну по-праву считают корифеем методической работы. Она постоянно была среди организаторов научно-методических

конференций, на которые съезжались лучшие силы учебных заведений страны.

После выхода на пенсию Т.МIRONENKO работала методистом в КазГУ на общественных началах, а после организации учебно-методического управления стала трудиться там. Долгое время она являлась также членом методсовета при Минвузе республики, председателем жюри многих Олимпиад школьников по физике и математике.

Татьяна Константиновна была награждена значком "Отличник просвещения Казахстана" и таким же значком СССР. Но самая главная награда - это искренняя признательность учеников и благодарность коллег.

Александр РОЖКОВ



## Наша Шолпан

Юбилей



С чего начать? Надо начинать, видимо, с того, что она с отличием закончила кафедру органической

химии химического факультета КазГУ в 1959 году и прошла путь от аспиранта до доктора химических наук, отличника просвещения РК, профессора.

После защиты кандидатской диссертации в 1967 году Шолпан Серикбаевна начала преподавательскую деятельность и в течение 30 лет готовит высококвалифицированных специалистов в области тонкого органического синтеза. Под ее руководством подготовлены и успешно защищены кандидатские диссертации, а многочисленные ученики работают в учебных и научных центрах республики, достойно продолжая дело своего учителя.

Шолпан Серикбаевна Ахмедова является автором оригинального отечественного препарата обезболивающего действия рихлокаин, руководителем работ по внедрению этого и других препаратов-аналгетиков и анестетиков в медицинскую практику Казахстана и

России. Научные исследования в этом направлении проводятся совместно с ведущими медицинскими центрами России и Казахстана.

Ею опубликовано более 150 научных работ, она имеет 20 авторских свидетельств и патентов России и РК.

На высоком научном и методическом уровне она читает общий курс "Органическая химия", "Теоретические основы органической химии", "Химия лекарственных веществ", "Синтез лекарственных веществ" и другие, проводит общий и специальный практикумы, работает с бакалаврами, магистрами, аспирантами, отдавая много сил и энергии подрастающему поколению химиков-органиков.

Ее большой труд, эрудиция, высокие моральные качества снискали ей любовь и уважение студентов факультета, коллег и друзей за его пределами.

В день славного юбилея Шолпан Серикбаевны сотрудники факультета и кафедры желают ей доброго здоровья, счастья, успехов, многих лет плодотворной работы в стенах родного факультета.

Коллектив химического факультета КазГУ

Ой-ой-ой!

## Кто главный дурак в России?

Аккурат в день большевистской печати - 5 мая 1996 года - под патронажем "Комсомольской правды" и Международной шахматной федерации в городе Москве состоялся первый чемпионат России в подкидного дурака. По мнению такого непререкаемого авторитета в этой области, как Евгений Петросян, дураки мы все. Поэтому в решающей стадии соревнований не побрезговали принять участие Президент Калмыкии Кирсан Илюмжинов, чемпион мира по шахматам (по версии ФИДЕ) Анатолий Карпов, бывший футболист "Спартака" Вагиз Хидиятуллин... Но, несмотря на все старания вышеназванных дуралеев, первым чемпионом, то бишь наипервейшим дураком стал журналист-корреспондент отдела спорта "КП" Альберт Минуллин.

В этом году, 14 июня, был проведен второй чемпионат России, на который съехались уже около пятидесяти победителей региональных отборочных турниров. И вновь на троне дурака остался Альберт Минуллин.

Однако в некоторых представительных карточных кругах нашлись очень серьезные люди, которые оспорили эти результаты, поскольку, на их взгляд, в этих соревнованиях не участвовали действительные статские "дураки".

Наряду с этим, по их утверждениям, настоящая игра в подкидного дурака ведется по другим, профессиональным правилам.

И поэтому по окончании второго чемпионата казино гостиницы "Космос" объявило, что вызывает А.Минуллина к барьеру, в котором ему будет противостоять картежник-виртуоз. Секундантом Альберта Минуллина дал согласие выступить Анатолий Карпов. Призовой фонд поединка 25 тысяч долларов (20 - победителю, 5 - проигравшему).

Неплохо бы провести такое спортивное шоу и у нас в Казахстане с тем, чтобы, наконец-то, определить: кто самый главный "дурак" в республике?

Какен КАМЗА

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газетке Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық-ақпарат министрлігінде № 1242 тіркеу куәлігі берілген.



РЕДАКЦИЯНЫҢ  
МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы қаласы,  
әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат,  
14 қабат, 1408 бөлме.  
Тел.: 47-82-50, 47-28-16.

Бас редактор -  
К. ҚАМЗИН;  
Немірдің кезекші редакторы -  
Б.Мекеев;  
терімші және көркемдеуші -  
А.БАБАСОВА;

Фотосуреттерді баспаға  
өзірлеуші -  
А.СӘРСЕНБИЕВ;

Ақылдастар алқасы:

Л.АХМЕТОВА,  
тарих ғылымының кандидаты;  
Ж.ДӘДЕБАЕВ,  
филология ғылымының  
докторы.  
З.МАНСҰРОВ,  
проректор, химия  
ғылымының докторы;  
Н.ОМАНШҰЛЫ,  
филология ғылымының  
докторы;

Жарияланған материалдардағы  
автордың көзқарасы редакцияның  
ұстанған бағытына сәйкес келуі  
міндетті емес.

Немір ҚазМУ-дің "Қазақ  
университеті" баспасында теріліп,  
басылып шықты. Бағасы келісім  
бойынша. Тараламы - 500 дана.  
№ 624 - тапсырыс .